

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
12.01.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 12.01.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

Әлібек Сәкенұлы, жаңа қызметіңіз құтты болсын. Депутаттық корпус атынан жұмысыңызға табыс тілейміз. Бірінші рет келіп отырсыз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Осы заңға сәйкес АҚШ қаржы ұйымдарымен халықаралық іскерлік операциялар жүргізетін барлық шетелдік қаржы ұйымдары АҚШ салық төлеушілерінің шоттары туралы ақпарат беруге міндетті.

Заң жобасы қаржы ұйымдарының, оның ішінде кредиттік ұйымдардың, сақтандыру, брокерлік және басқа да осыған ұқсас компаниялардың қызметтерін қамтиды.

Осы режимге қосылмаған жағдайда, егер төлемді алушы АҚШ-та салық салынатын тұлға болса және аударылған қаражат АҚШ-тағы инвестициялармен байланысты табыс болса, халықаралық банк аударымдары сомасының 30 пайызы ұсталуы мүмкін.

Келісімге қосылған қаржы институттары Қазақстанда шот ашқан барлық американдық жеке және заңды тұлғалар туралы ақпаратты анықтауға және ашуға міндетті болады.

Осыған ұқсас Қазақстанның келісімге қосылуы АҚШ-та шот ашқан барлық қазақстандық жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Яғни, аталған мәселе бойынша елдер арасындағы өзара іс-қимыл Қазақстанның бюджетіне де оң әсерін тигізеді.

Келісімге сәйкес Қазақстан орталықтандырылған ақпарат жинауды көздейтін модельді неғұрлым оңтайлы ретінде таңдады, өйткені осы модельді іске асыру:

қаржы жүйесін бақылауды сақтауға;

АҚШ-тан Қазақстанның резиденттері және азаматтары туралы ұқсас ақпарат алуға;

Қазақстан Республикасы қаржы институттарының әкімшілік шығындарын қысқартуға;

келісімнің талаптарымен байланысты қаржы секторы үшін тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аталған келісім ратификациялауға жатады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Үйсімбаев Асқарбек Съезбекұлына беріледі.

ҮЙСІМБАЕВ А.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Қаралып отырған ақпарат беру жөніндегі келісімнің талаптары өз қызметін еліміздің аумағында жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың филиалдары мен еншілес компанияларын қоса алғанда, Қазақстанның барлық қаржы институттарына қолданылатын болады.

Өз кезегінде, Қазақстанның қаржы мекемелерінен алынатын ақпарат Мемлекеттік кірістер комитетінде шоғырланып, содан кейін орталықтандырылған түрде АҚШ-тың уәкілетті органына берілетін болады.

Айтыңызшы, егер қазақстандық қаржы мекемесі АҚШ резидентіне тиесілі қандай да бір шот бойынша қажетті ақпаратты байқаусызда бермеген фактісі анықталса, онда бұл жағдайда оған қатысты қандай да бір шаралар қолданыла ма? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Сұрағыңызға рақмет.

Иә, ол бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген. Екі елдің мемлекеттік кіріс органдары екі жақтан санкция салады.

Егер қаржы мекемелері жағынан бұзушылықтар болса, онда ол бұзушылықтарды жоюға 18 ай мерзімдегі уақыт беріледі. Ал егер олар жойылмаса, онда оларға әкімшілік санкциялар қолданылады.

Сондай-ақ АҚШ-тың қаржы мекемелері барлық аударымдар сомасының 30 пайызын алып тастауға, өздеріне қалдыруға құқығы бар.

Сонымен қатар басқа да репутациялық тәуекелдер бар, мәселен, қаржы мекемесі осындай бұзушылықтарды жасаса, болашақта АҚШ-тың қаржы ұйымдары бұндай компаниялармен, банктермен жұмыс істемейді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Күлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне арналады.

Қаралып отырған келісімнің 3-бабында қажетті ақпарат Америка тарапына 2014 жылдан бастап берілуі тиіс деп көрсетілген. Ақпарат өте көлемді болып табылады және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті оны жинақтап, жіберуге дайындау бойынша үлкен жұмыс атқаруы керек.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Уәкілетті орган мен қаржы ұйымдарының осы келісім нормаларын іске асыру бойынша жалпы бүгінгі күні дайындығы қандай?

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі күні Мемлекеттік кірістер комитетімен арнайы бұйрықтың жобасы дайындалған. Бұйрықпен нысана бекітіледі, қаржылық ұйымдар өздері сол нысананы толтырып, Мемлекеттік кірістер комитетіне ресми тәртіппен ақпарат енгізіледі. Бүгінгі күні қаржы ұйымдарының өкілдерімен келісілген. Ақпараттық жүйелер бойынша жұмыс пилоттық тестілік режимде жүргізілген. Олармен ақпарат алмасу, алу тестілік режимде жүргізілген. Бүгінгі күні нормативтік жағынан да, ақпараттық жүйе жағынан да дайындығымыз бар.

ТӨРАҒА. Жалпы, өкілеттік орган да, қаржы ұйымдары да дайын ғой?

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Иә.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос также адресован представителю Министерства финансов.

В настоящее время между Правительством Республики Казахстан и Правительством Соединенных Штатов Америки принята Конвенция об избежании двойного налогообложения и предотвращении уклонения от налогообложения в отношении налогов на доходы и капитал.

Уважаемый Марат Елеусизович, скажите, пожалуйста, как согласуется рассматриваемое соглашение с вышеуказанной конвенцией? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Елеусизович.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Спасибо за вопрос.

Конвенция подписана еще в 1996 году, с того времени она действует. В целом положения конвенции подразумевают, что стороны будут выявлять и раскрывать информацию о резидентах той или иной страны.

Более того, согласно статье 26 данной конвенции мы будем осуществлять обмен информацией, в том числе в автоматическом виде.

Поэтому это полностью согласуется и именно в рамках положений данной конвенции это соглашение будет реализовано. Спасибо.

ТӨРАҒА. То есть здесь нет абсолютно противоречий между соглашением и Конвенцией об избежании двойного налогообложения в отношении налогов на доходы и капитал?

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Да.

ТӨРАҒА. Полностью?

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Полностью нет.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Сөз депутат Панченко Игорь Ивановичқа беріледі.

ПАНЧЕНКО И.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алибек Сакенович! На основании пункта 6 статьи 3 соглашения компетентные органы двух стран должны заключить соглашение или вступить в договоренность в рамках (цитирую) «процедуры взаимного согласования».

Скажите, пожалуйста, о каком соглашении или договоренности идет речь? Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Спасибо за вопрос.

Дело в том, что данное соглашение носит рамочный характер. Как прописано в данном рамочном соглашении стороны заключат дополнительное соглашение, где будут прописываться уже процедурные моменты, административные моменты, которые будут включать в себя срок, порядок обмена информацией, вопросы конфиденциальности и защиты информации, порядка проведения консультаций между налоговыми органами и другие технические вопросы, которые не охватывает данное соглашение. Там, в принципе, все это процедурно и более детально будет прописываться. Спасибо.

ТӨРАҒА. А какие органы стран, которые должны заключить дополнительное соглашение?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Данное рамочное соглашение дает право органам...

ТӨРАҒА. Какие органы?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Налоговые органы.

ТӨРАҒА. Налоговые органы?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Да. То есть КГД может от себя заключить, а со стороны США это IRS.

ТӨРАҒА. Ясно.

Алибек Сакенович, когда компетентные органы в данных направлениях будут заключать свои соглашения, как Вы сейчас говорите, они будут дополнительно формировать и правила, инструкции, наверное, да?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Да.

ТӨРАҒА. Здесь очень важно, чтобы не было выхолащивания концептуальных норм, которые заложены в этом соглашении, потому что даже в законодательном плане бывает, что мы здесь приняли закон, а потом государственный орган подзаконными актами все выхолостил. Понятно, да?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Понятно.

ТӨРАҒА. Очень это важно.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне арналады.

Қаралып отырған келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметтері, атап айтқанда, ақпарат алмасуға

арналған инфрақұрылымды пайдалана отырып салық салу мәселелерінде өзара жәрдем көрсететін болады.

Мен оны нақтылағым келіп отыр. Бұл қандай инфрақұрылым және оны құру үшін қаржы қажет пе? Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Елеусізұлы.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Автоматты түрде ақпарат алмасуға бүгінгі күні инфрақұрылым дайын. Үш жылда бір рет шамамен 300 АҚШ доллары техникалық қолдауға жұмсалады. Басқа қаражат көзделмеген.

Жалпы, келісім күшіне енгеннен кейін екі тарап бір-біріне жазбаша хабарлама беруі керек. Бірақ ақпараттық жүйелердің құпиялығын сақтауға және оны салық салу мақсатында пайдалануға кепілдік берілген кезде ғана хабарлама алмасу болады. Оған дейін біздің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Американың салық органдары арасындағы келісімшарт бойынша осы жүйелермен пилоттық жоба ретінде тағы жұмыс жүргізеді.

Жалпы, жұмыс «бұлтты» сервис арқылы жүргізіледі.

ТӨРАҒА. Жақсы. Ол үшін қаржы керек бола ма?

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Жоқ, бүгінгі күні ақпараттық жүйе бар, үш жылға 300 АҚШ доллары нүктеге қосылу үшін жұмсалады.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Әлібек Сәкенұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Паяев Айбек Мінаимбекұлына беріледі.

ПАЯЕВ А.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қаралып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №592 қаулысына сәйкес 2021 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімге 2017 жылы 11 қыркүйекте Астана қаласында қол қойылды.

Келісім екі ел резиденттерінің қаржы шоттары туралы өзара ақпарат алмасуды көздейді, бұл өз кезегінде, Қазақстан үшін салықтарды жинаудың және әкімшілендірудің қосымша құралы болып табылады. Енгізіліп отырған негізгі өзгерістер осыған дейін Ұлттық экономика министрінің баяндамасында атап өтілді.

Бүгінгі күні Парламент Мәжілісінің барлық тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді. Қарау кезінде жұмыс тобына ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Осы баяндалғанның негізінде Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын мақұлдауды ұсынуға болады деп санайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айбек Мінаимбекұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Мен талқыланып отырған заң жобасын қолдаймын.

Заң жобасы Қазақстан мен АҚШ резиденттерінің қаржы шоттары туралы ақпаратпен өзара алмасуды көздейді, бұл өз кезегінде Қазақстан үшін салықтарды жинау және әкімшілендіру жөніндегі қосымша құрал болып табылады. Оның негізгі мақсаты кірістерден төленетін салықты төлеуден жалтарудың алдын алуға бағытталған тетікті енгізу болып табылады. Салық салу мақсаттары үшін қаржы шоттары туралы ақпарат алмасу салық төлеуден жалтаруды азайту мақсатында жалпы әлемдік стандартқа айналады.

ҒАТСА аббревиатурасы бойынша әлемдік аренада барынша танымал шетелдік шоттар бойынша АҚШ-та Салық есептілігі туралы заң қабылданған кезден бастап әлемнің 100-ден астам елі, оның ішінде Қазақстан Республикасы да бүгін біз қарастырып отырған келісімге ұқсас халықаралық шарттар жасасты.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасында екіжақты қатынастардың барлық спектрі бойынша көп жоспарлы өзара іс-қимылмен сипатталатын, кеңейтілген стратегиялық әріптестік орнатылғанын атап өту қажет. Сауда-экономикалық ынтымақтастық дәстүрлі түрде біздің елдер арасындағы қатынастарды дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады, қазақстандық экономика үшін АҚШ ірі инвестор болып табылады.

Осыған орай, құрметті депутаттар, біз қарап отырған келісім АҚШ пен Қазақстанның халықаралық салық тәртібін қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастықта елеулі прогресті білдіреді. Мен оны уақтылы және қажетті деп санаймын.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғанды ескере отырып, қаралып отырған заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әмірхан Мұратбекұлы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ, ал талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүрөң: Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Машғ Н. Машғибаев*